

# ХАТТАМА №1

## Сынып жетекшілер ӘБ отырысы

Өткізілген күні: 2025 жылғы \_\_\_ тамыз

Өткізілген орны: Акт зал

Қатысқандар: сынып жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қатыспағандар: жоқ

### Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Өткен оқу жылындағы сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс қорытындысын талдау, жаңа оқу жылының жылдық жұмысын жоспарлау.
2. Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру, тәрбие сағаттарының тиімділігін арттыру жолдары.
3. Бағдарлама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы.
4. Сынып жетекшісінің лауазымдық қызметімен таныстыру.
5. Мектеп жарғысымен және ішкі тәртіп ережесімен таныстыру.
6. Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру.
7. Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру.

### ТЫНДАЛДЫ:

1- мәселе бойынша: **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каенов А.М.** Өткен оқу жылында мектептегі сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі аясында көптеген маңызды іс-шаралар атқарылды. Сынып жетекшілер оқу-тәрбие процесінде оқушылардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке баулу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Әсіресе, мектептегі дәстүрлі мерекелік іс-шаралар, патриоттық акциялар, «Адал ұрпақ» клубы мен «Жас Ұлан» ұйымы арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру жұмыстары нәтижелі болды.

Сонымен қатар, тәрбие жұмысында бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді:

Сынып жетекшілер оқу жылы бойы тәрбие жоспарын жүйелі орындап, барлық бағыттарды қамтуға тырысты;

Оқушылардың құқықбұзушылыққа бармауы, мектепшілік тәртіптің сақталуы – сынып жетекшілердің жоспарлы еңбегінің нәтижесі болды;

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізілген сынып сағаттары оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастырды; Ата-аналармен жұмыс жаңа форматта жүргізіліп, бірқатар ата-аналар жиналыстары, кездесулер мен тренингтер ұйымдастырылды.

Дегенмен, орын алған кемшіліктер де жоқ емес. Кейбір сынып жетекшілердің құжаттаманы уақытылы жүргізбеуі, тәрбие сағаттарының мазмұнының бірсарынды болуы, ата-аналармен кері байланыстың жеткіліксіздігі байқалды. Бұл бағыттағы жұмыстар жаңа оқу жылында басты назарға алынуы тиіс.

Жаңа оқу жылына қойылып отырған талаптар – оқушылардың тәрбие деңгейін көтеру, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді, ұлттық сана-сезімді, ақпараттық мәдениетті дамыту. Осыған орай, сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің **2025–2026 оқу**

жылына арналған жоспары дайындалып, талқылауға ұсынылды. Жоспарда әр айдың тақырыптық бағыты, тәрбие сағаттары, мектепшілік жобалар, ата-аналармен жұмыс және қауіпсіздік шаралары нақты көрсетілген.

Сондықтан, жаңа оқу жылында әрбір сынып жетекші өз жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарап, тәрбие үдерісін жүйелі, мазмұнды, әрі нәтижелі ұйымдастыруы тиіс.

2- мәселе бойынша: **ӘБ жетекшісі Искакова С.Б.**

Әдістемелік бірлестік жетекшісі сынып жетекшілерді білім беру жүйесінде енгізілген «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. Бағдарлама – оқушылардың тұлғалық дамуына, олардың бойында адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, патриотизм сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған кешенді құжат екендігі айтылды.

Жаңартылған мазмұнда:

**Құндылықтық бағдар** күшейтілген, яғни тәрбие жұмысы тек іс-шарамен шектелмей, әрбір оқушының жеке көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастыруға негізделген;

**Жобалық жұмыс жүйесі** енгізілген («Адал ұрпақ», «Қамқор», «Жасыл мектеп», «Ұшқыр ой алаңы» және т.б.);

**Әр айға арналған тақырыптық бағыттар** нақты белгіленіп, сол тақырыптарға сәйкес сынып сағаттарының өткізілуі жоспарланған;

Бағдарлама тәрбие сағаттарының мазмұнын біріздендіріп қана қоймай, оның сапасын арттыруға жағдай жасайды.

Талқылау барысында тәрбие сағаттарының тиімділігін арттырудың бірқатар жолдары ұсынылды:

1. **Интерактивті әдістерді пайдалану** – пікірталас, тренинг, ойын элементтері, дебат арқылы оқушыларды белсенді қатыстыру.
2. **Цифрлық құралдарды қолдану** – бейнеролик, презентация, онлайн сауалнама, элеуметтік желідегі челленджер арқылы қызығушылықты арттыру.
3. **Өмірмен байланыстыру** – сынып сағатында қарастырылатын тақырыптарды оқушылардың күнделікті өмірімен, отбасымен, қоғамдағы оқиғалармен ұштастыру.
4. **Жобалық тапсырмалар беру** – әр сынып өз айлық тақырыпқа сәйкес шағын жоба жасап, оны мектеп ішінде таныстыру.
5. **Ата-аналарды тарту** – кейбір тәрбие сағаттарына ата-аналарды шақырып, тәжірибе бөлісу, пікір алмасу ұйымдастыру.

Осы бағыттар негізінде әрбір сынып жетекші өзінің айлық тәрбие жоспарына өзгерістер енгізіп, сабақтарды мазмұнды әрі қызықты өткізуге міндеттелді.

3- мәселе бойынша: Әдістемелік бірлестік отырысында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын негізгі жобалар – «Ұшқыр ой алаңы», «Қамқор», «Адал ұрпақ», «Жасыл мектеп» жұмыстары қарастырылды. Әр жобаның мақсат-міндеттері түсіндіріліп, сынып жетекшілердің атқаратын нақты жұмыстары нақтыланды.

1. **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**

– Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, шығармашылық идеяларын қолдау, пікірталас мәдениетін қалыптастыру;

– Сынып жетекшілер ай сайын дебат, интеллектуалды ойындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, оқушыларды еркін ойлауға баулиды.

## **2. «Қамқор» жобасы**

- Мектептегі және ауылдағы элеуметтік аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру;
- Сынып жетекшілер оқушыларды қайырымдылық акцияларына, еріктілік қозғалысына жұмылдырады, әр сынып өз бастамаларын ұсынады.

## **3. «Адал ұрпақ» клубы**

- Оқушылардың бойында адалдық, әділдік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру;
- Сынып жетекшілер әр айда адалдық тақырыбындағы сынып сағаттарын өткізуді, оқушылармен пікірталас пен эссе байқауларын ұйымдастыруды қадағалайды.

## **4. «Жасыл мектеп» жобасы**

- Экологиялық мәдениетті дамыту, мектеп ауласын көгалдандыру, табиғатты қорғау шараларына қатысу;
  - Сынып жетекшілер оқушыларды табиғатты аялауға, мектеп ауласын тазалауға, сенбіліктерге және экобайқауларға белсенді тартуы тиіс.
- Жалпы, осы жобалардың барлығы оқушылардың жан-жақты дамуына, азаматтық жауапкершілігін арттыруға, қоғамға пайдалы әрекеттерге жұмылдыруға бағытталған. Сынып жетекшілерге әр жобаға қатысты жоспар құру, оқушыларды тарту, жүргізілген жұмыстар туралы есеп беру міндеттері жүктелді.

### **Жауапты мұғалімдер**

#### **4- мәселе бойынша: Әдістемелік бірлестік мүшелері**

Әдістемелік бірлестік отырысында сынып жетекшілерге олардың лауазымдық қызметтері мен негізгі құжаттары таныстырылды. Сынып жетекшісінің жұмысы – мектептің тәрбие жүйесіндегі басты буын екендігі атап өтілді.

#### **Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:**

- Оқушылардың оқу-тәрбие үдерісіне қатысуын қадағалау, үлгерім мен тәртіпті бақылау;
- Тәрбие жұмысының жылдық жоспарын әзірлеу, айлық бағыттарға сәйкес сынып сағаттарын ұйымдастыру;
- Оқушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, құқықбұзушылықтың алдын алу;
- Оқушылардың дарындылығын дамытуға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау;
- Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу;
- Қауіпсіздік ережелерін оқушыларға жеткізу, өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Сынып құжаттарын дұрыс жүргізу, оқушылардың жеке іс-қағаздарын уақытылы толтыру.

#### **Сынып жетекшілер пайдаланатын негізгі құжаттар:**

- ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілері;
  - Мектептің жарғысы мен ішкі тәртіп ережесі;
  - «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы;
  - Сынып жетекшінің жылдық тәрбие жоспары;
  - Оқушылардың жеке іс-парақтары мен электронды база (Күнделік жүйесі);
  - Ата-аналармен жұмыс жоспары мен жиналыс хаттамалары.
- Талқылау барысында сынып жетекшісінің жұмысы тек қана іс-шаралармен шектелмей, оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін жауапты қызмет екендігі атап өтілді.

#### **5- мәселе бойынша: Мектеп әкімшілігі**

Отырыста сынып жетекшілерге мектептің жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері таныстырылды. Жарғыда мектептің жалпы мақсаттары, міндеттері, басқару құрылымы, оқушылар мен мұғалімдердің құқықтары мен міндеттері көрсетілетіні айтылды. Ішкі тәртіп ережелерінде оқушылардың мектепте және сыныпта өзін-өзі ұстау мәдениеті,

сабаққа қатысу тәртібі, қауіпсіздік шаралары, мектеп мүлкіне ұқыпты қарау сияқты маңызды талаптар нақты белгіленгені түсіндірілді.

Талқылау барысында оқушыларға бұл құжаттарды түсінікті әрі тиімді жеткізу жолдары қарастырылды:

Сынып сағаттарында арнайы таныстыру және талқылау өткізу;

Әр сыныпта ішкі тәртіп ережелерін көрнекі жерге ілу;

Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқару ұйымын пайдалану арқылы ережелерді насихаттау;

Қауіпсіздік сағаттарында мектеп мүлкін сақтау, жолда жүру, техника қауіпсіздігі талаптарын қайта еске салу;

Ата-аналар жиналысында да мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері туралы ақпарат беру.

Әсіресе, оқушылардың мектепке уақытылы келуі, сабаққа дайындықпен қатысуы, тәртіп пен мәдениетті сақтауы – мектеп жарғысының негізгі талаптары екендігі ерекше атап өтілді.

**6- мәселе бойынша : Қауіпсіздік бойынша жауапты тұлға**

Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктірудің маңызы түсіндіріліп, оқу жылы бойы апта сайын өткізу белгіленді.

**7- мәселе бойынша: ӘБ жетекшісі Искакова С.Б.**

Ата-аналармен жұмыстың негізгі бағыттары: жиналыстар, ашық есік күндері, сауалнамалар, жеке кездесулер арқылы ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығын арттыру қажеттігін атап өтті.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДЫ:**

1. Өткен оқу жылының қорытындысы назарға алынып, жаңа оқу жылына арналған ӘБ жоспары бекітілсін.
2. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде барлық сынып жетекшілер айлық жоспарларын әзірлеп, сынып сағаттарына енгізісін.
3. Жобалық жұмыстарға барлық сынып жетекшілер белсенді қатысып, жауапты мұғалімдерге есеп беріп отырсын.
4. Әр сынып жетекшісі өз лауазымдық міндетін толық орындап, құжаттаманы уақытылы жүргізісін.
5. Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері оқушыларға сынып сағаттары арқылы таныстырылсын.
6. «Қауіпсіздік сағаттары» барлық сынып сағаттарының негізгі бөлігіне кіріктірілсін.
7. Ата-аналармен жұмыстың жаңа оқу жылына арналған жоспары жасалып, әр сынып жетекшісі өз ата-аналар комитетімен тығыз байланыста жұмыс жасасын.

**ӘБ жетекшісі: Искакова С.Б.**

## ХАТТАМА №2

### Сынып жетекшілер ӘБ отырысы

Өткізілген күні: 2025 жылғы 19 қараша

Өткізілген орны: Акт зал

Қатысқандар: сынып жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қатыспағандар: жоқ

### Күн тәртібіндегі мәселелер:

#### Қараша айы – «ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК» айы

Тақырыбы: «Оқушыларды жақсы тәлім-тәрбие мен инабаттылыққа тәрбиелеу»

1. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы туралы.
2. Сыныптардағы қыз балалармен және ұл балалармен жұмысты жандандыру.
3. 1–5 сыныптарының тәрбие жұмысы мен сынып жетекшілердің ұйымдастыру деңгейін бақылау нәтижесі.
4. Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуін күшейту бағытындағы іс-шаралар.

### 1-мәселе бойынша:

Мектеп психологы баяндама жасап, оқу жылының I тоқсанындағы психологиялық қызметтің негізгі бағыттары мен диагностикалық жұмыстар нәтижелерін таныстырды. Оқушылардың эмоционалдық жай-күйі мен ұжымдағы өзара қарым-қатынасына жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша, кейбір сыныптарда оқушылар арасында бейімделу кезеңінде түсініспеушілік пен мазасыздық байқалғаны атап өтілді. Психологиялық қызмет тарапынан «Жақсы көңіл күй – жарқын болашақ!», «Достық пен түсіністік апталығы» сияқты тренингтер мен психологиялық ойындар ұйымдастырылған. Мектеп психологына сынып жетекшілермен тығыз байланыста жұмыс жасап, жеке кеңес беру жұмысын жүйелі жалғастыру ұсынылды.

### 2-мәселе бойынша:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі қыз балалар мен ұл балалар арасындағы тәрбие жұмысының бағыттарына тоқталды. Мектепте «Инабат қыздар клубы» мен «» жобалары арқылы оқушылардың мінез-құлық мәдениеті, инабаттылығы мен жауапкершілігі қалыптастырылып келе жатқаны айтылды. Сынып жетекшілер қыз балалармен жеке және топтық әңгімелер жүргізіп, сыртқы келбет, сөйлеу әдебі, кішіпейілділік сияқты қасиеттерді дәріптеу керектігі ескертілді.

### **3-мәселе бойынша:**

1–5 сыныптарының тәрбие жұмысы мен сынып жетекшілердің іс-қағаздарын бақылау нәтижесін әдістемелік бірлестік төрайымы таныстырды.

Бақылау барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары жоспарға сай өткізіліп, «Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтары енгізілгені атап өтілді.

Алайда кейбір сынып жетекшілерде тәрбие сағаттарының фотодәлелі мен ата-анамен кері байланыс аздығы байқалды.

### **4-мәселе бойынша:**

Әлеуметтік педагог пен ата-аналар комитетінің жетекшісі мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық бағытындағы жұмыстарды баяндады.

«Ата-аналар мектебі», «Жан жылуы» қайырымдылық акциясы, «Бала қауіпсіздігі – ата-ана жауапкершілігі» атты дөңгелек үстел өткізілгені айтылды.

Ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуы оқушылардың тәртібіне оң әсер етуде.

### **Қаулы:**

### **Шешім қабылданды:**

1. Психологиялық қызмет жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Сынып жетекшілерге 1–5 сынып оқушыларымен жеке жұмысқа уақыт бөлу, мінез-құлық мониторингін жүргізу ұсынылсын;
3. Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс жүйелі жалғастырылсын;

# ХАТТАМА №3

**Сынып жетекшілер ӘБ отырысы**

Өткізілген күні: 2026 жылғы қаңтар

Өткізілген орны: Акт зал

Қатысқандар: сынып жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қатыспағандар: жоқ

## Қаңтар - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

**Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу»**

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Сынып жетекшілердің жартыжылдық қорытынды есебін тыңдау
2. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілердің іс-тәжірибесімен бөлісуі
3. Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алуда психологиялық педагогикалық сүйемелдеу жұмысы
4. Девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу - әлеуметтік педагогикалық проблема

**Тыңдалды:**

**1-мәселе бойынша:** Сынып жетекшілердің 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша атқарылған тәрбие жұмыстарының қорытынды есебі тыңдалды. Сынып жетекшілер оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жүргізілген жұмыстар, ата-аналармен байланыс және тәрбиелік іс-шаралар туралы мәлімет берді.

**2-мәселе бойынша:** Шығармашылықпен жұмыс жасап жүрген сынып жетекшілер өздерінің тиімді әдіс-тәсілдерімен, тәрбие сағаттарын ұйымдастырудағы жаңашыл тәжірибелерімен бөлісті.

Тәрбие жұмысында интерактивті әдістерді қолданудың маңыздылығы атап өтілді.

**3-мәселе бойынша:** Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша мектеп психологының психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары туралы ақпараты тыңдалды.

Оқушылармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстардың маңыздылығы айтылды.

**4-мәселе бойынша:** Девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу – әлеуметтік-педагогикалық проблема ретінде қарастырылды. Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілердің бірлескен жұмысының маңыздылығы айтылды.

**Жиналыс қаулы етеді:**

- Сынып жетекшілердің жартыжылдық есептері қанағаттанарлық деп танылсын;
- Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
- Озық іс-тәжірибелерді сынып жетекшілер арасында тарату;
- Шығармашылық бағыттағы тәрбие жұмыстарын күшейту.
- Психологпен бірлесе отырып, қауіп тобына жататын оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- Ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын күшейту.
- Девиантты мінез-құлықты оқушылармен жүйелі тәрбиелік жұмыстар жүргізу;
- Әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшілер арасындағы өзара байланысты нығайту.

ӘБ жетекшісі: Молдрахметова С.А.

# СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

02.10.2025 жыл

**Қатысқандар:** Сынып жетекшілер, жоба жетекшілері

**Модератор:**

*Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: Каенов А.М.*

**Күн тәртібі:**

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы;
2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметінің ұйымдастырылуы
3. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

**І-мәселе:** «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мектептегі іске асырылу барысына тоқталды. Ол өз сөзінде Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдағы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағаны арқылы еліміздің дамуы мен жаңғыруы жастар тәрбиесіне тікелей байланысты екенін атап өткенін жеткізді.

**Баяндамашы атап өтті:**

2023 жылдан бастап білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілген; Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделіп, балалар мен жастардың бойына әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық, кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған;

2024 жылғы Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» қағидатын ұсынып, әрбір азаматтың ел дамуына жауапкершілікпен қарауы қажеттігін баса айтты. Сынып жетекшілер бағдарламаның басты бағыттары мен құндылықтарын тәрбие жұмысына енгізу жолдарын талқылады: тәуелсіздік пен отаншылдықты дәріптейтін сынып сағаттары мен мерекелік іс-шаралар өткізу; бірлік пен ынтымақты арттыратын ұжымдық жобалар ұйымдастыру; әділдік пен жауапкершілікті насихаттайтын пікірталас, дөңгелек үстелдер өткізу; заң мен тәртіпті құрметтеу бағытында құқықтық сауаттылық сабақтарын күшейту; еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікті дамыту үшін «Еңбек күні», «Мамандықтар жәрмеңкесі» шараларын жоспарлау; жасампаздық пен жаңашылдыққа жетелейтін ғылыми жобалар, шығармашылық байқаулар өткізу. Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды: күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын: «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады. «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу. Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас;

Өмірге салауатты қадам;

Қоғамдық мүлікті қорға!

Қауіпсіз қоғам.

**2-мәселе бойынша:** 2025–2026 оқу жылында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының (АПҚО) жұмысына жаңаша тәсіл енгізу ұсынылып отыр. Бұл тәсіл алдыңғы жылдардағы табысты тәжірибені жалғастыра отырып, отбасының ішкі ресурстарын дамытуға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарды қолдауға бағытталған. Жаңа модель үш дербес модуль арқылы іске асырылады. Өзірленген модульдер мазмұны «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының талаптарына сәйкес келеді. Бағдарламада ата-анамен жұмыста құрметке, саналы әрекетке және ынтымақтастыққа негізделген позитивті ата-ана мәдениетін дамыту қажеттігі баса айтылған. Бұл бағыт ата-аналар мен мектептің өзара әрекетін нығайтып, баланың тұлғалық дамуына ықпал етеді. Эмоциялық тұрақтылық, қауіпсіздік және инклюзивтілікке бағытталған модульдерді енгізу арқылы біз оқушыларды адалдыққа, жауапкершілікке және қамқорлыққа баулимыз. Әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың отбасыларын қолдау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі – әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндіктер қағидаттарына сай келеді. АПҚО жұмысы ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Бұл ата-аналарға өз баласының психологиялық, зияткерлік және әлеуметтік дамуын дұрыс қолдауға мүмкіндік береді. 2025–2026 оқу жылындағы жұмыстардың табысты болуы әрбір педагог пен ата-ананың ынтымақтастығына байланысты. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру жайында сөз қозғалды. Бұл орталық ата-аналарға психологиялық, құқықтық, тәрбиелік бағытта кеңес беру алаңы екені түсіндірілді.

### **3-мәселе бойынша**

Ағымдағы мәселелер талқыланды: Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылауды күшейту; Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда әдістемелік бірлестік мүшелері арасында тәжірибе алмасу.

**Ұсыныс:**

1. «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы іс-шараларды тоқсан сайын қорытындылап, талдау есебін жүргізу.
2. Әрбір сынып жетекшісі ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтарын ата-аналармен ай сайын тақырыптық кездесу өткізіп, орталық жұмысына деректер енгізіп отыру.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: Каепов А.М.

Бірлестік жетекшісі: Искакова С.Б.

# АНЫҚТАМА

2025 жылғы 18 қыркүйекте сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің отырысы өткізілді.

**Отырыстың күн тәртібіне төмендегі мәселелер енгізілді:**

1. Өткен оқу жылындағы сынып жетекшілер ӘБ жұмысының қорытындысын талдау, жаңа оқу жылының жылдық жұмысын жоспарлау.
2. Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру, тәрбие сағаттарының тиімділігін арттыру жолдарын қарастыру.
3. Бағдарлама аясында жүргізілетін жобалар («Ұшқыр ой алаңы», «Қамқор», «Адал ұрпақ», «Жасыл мектеп») бойынша сынып жетекшілердің міндеттерін нақтылау.
4. Сынып жетекшісінің лауазымдық қызметтері мен негізгі құжаттарымен таныстыру.
5. Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін талқылап, оқушыларға жеткізу жолдарын қарастыру.
6. Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру.
7. Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру.

**Отырыста директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өткен оқу жылында атқарылған іс-шараларға тоқталып, сынып жетекшілердің тәрбие жұмысы бойынша жетістіктері мен кейбір кемшіліктеріне талдау жасады. Жаңа оқу жылына арналған ӘБ жоспары ұсынылып, талқылаудан кейін бекітілді.**

Сонымен қатар, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұны таныстырылып, әр айға жоспарланған тақырыптық тәрбие сағаттарының тиімділігін арттыру жолдары қарастырылды. Бағдарлама аясындағы «Ұшқыр ой алаңы», «Қамқор», «Адал ұрпақ», «Жасыл мектеп» жобалары бойынша сынып жетекшілердің нақты міндеттері белгіленді.

Сынып жетекшілер лауазымдық қызметтерімен және негізгі құжаттарымен таныстырылды. Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері талқыланып, оларды оқушыларға жеткізудің тиімді жолдары ұсынылды. Сонымен бірге, сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» енгізу қажеттілігі айтылды. Ата-аналармен жұмыс жасаудың жаңа оқу жылына арналған бағыттары нақтыланды.

**Қорытындысында, сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмысы жаңа оқу жылына жүйелі жоспарланып, тәрбие процесінің барлық бағыттары бойынша міндеттер айқындалды.**

**ДТІЖО: Каепов А.М.  
ӘБ жетекшісі: Искакова С.Б.**

# АНЫҚТАМА

2025 жылғы 19 қараша сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің отырысы өткізілді.

**Отырыстың күн тәртібіне төмендегі мәселелер енгізілді:**

1. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы туралы.
2. Сыныптардағы қыз балалармен және ұл балалармен жұмысты жандандыру.
3. 1–5 сыныптарының тәрбие жұмысы мен сынып жетекшілердің ұйымдастыру деңгейін бақылау нәтижесі.
4. Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуін күшейту бағытындағы іс-шаралар.

**Отырыста директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары** Отырысты бірлестік жетекшісі ашып, қараша айының «Әділдік және жауапкершілік» құндылығы аясында өткізілетін жұмыстардың негізгі бағыттарымен таныстырды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Каепов А.М.** сөз алып, I тоқсанда атқарылған жұмыстар мен қараша айындағы тәрбие тақырыптарын біріздендіру, оқушылардың мінез-құлық мәдениеті мен инабаттылығын арттыру, сынып жетекшілердің кәсіби жауапкершілігін күшейту қажеттілігі туралы баяндама жасады.

Мектеп психологы оқу жылының алғашқы тоқсанында жүргізілген психологиялық диагностиканың нәтижелерімен бөлісті. Оқушылардың эмоционалдық күйі, ұжым ішіндегі өзара түсіністік пен достық қатынастар талданды. Кейбір сыныптарда бейімделу қиындықтары байқалғанымен, профилактикалық тренингтер мен ойын түріндегі сабақтар оң нәтиже бергені атап өтілді.

Сынып жетекшілер қыз балалар мен ұл балалар арасындағы тәрбие бағыттарын талқылап, «Инабат қыздар клубы», «Жігіт аясындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігі айтылды. Әсіресе оқушылардың жеке жауапкершілігін қалыптастыру, сыпайылық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында сынып сағаттары мен ашық іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылды. 1–5 сыныптарындағы тәрбие жұмысына бақылау жүргізілгені баяндалып, әр сыныптың оқу-тәрбие құжаттары тексерілді. Тәрбие сағаттарының өткізілу кестесі сақталған, «Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары сабақтар мазмұнына енгізілген. Кейбір сыныптарда ата-аналармен байланыс жұмысы жеткіліксіз екендігі ескерілді. Әлеуметтік педагог пен ата-аналар комитеті төрайымы мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық бағытындағы жұмыстар туралы ақпарат берді. «Отбасы – тәрбие бастауы», «Бала қауіпсіздігі – ата-ана жауапкершілігі» тақырыптарында дөңгелек үстелдер өткізіліп, ата-аналардың белсенділігі артқаны атап өтілді.

**Қорытындысында,**

- Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы жүйелі жүргізіліп келеді.
- Қыз балалар мен ұл балалармен жыныстық-бағдарлы тәрбие бағытындағы жұмыстар жалғассын.
- 1–5 сынып жетекшілері тәрбиелік іс-шаралардың сапасын арттырып, ата-анамен байланыс орнатуды күшейтсін.
- «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында барлық сыныптарда тақырыптық тәрбие сағаттары, эссе байқаулары, шығармашылық кездесулер ұйымдастырылсын.

**ДТІЖО: Каепов А.М.**

**ӘБ жетекшісі: Искакова С.Б.**